

Терещенко (пер. на англ.) ; О. Белялов [и др.] (фотогр.). - Алматы : КРАМДС-реклама, 1991. - 311, [9] с. : ил. - Текст рус. и англ. - 40 000 экз. - ISBN 5-86636-127-2.

5. Байпаков, К. М. По следам древних городов Казахстана: (Отрарский оазис) / К. М. Байпаков ; отв. ред. С. М. Ахинжанов ; Академия наук Казахской ССР, Институт истории, археологии и этнографии им. Ч. Ч. Валиханова. - Алма-Ата : Наука КазССР, 1990. - 205, [2] с. : ил. - 2000 экз. - ISBN 5-628-00636-X.

6. Байпаков, К. Великий Шелковый путь (на территории Казахстана). - Алматы: Адамар, 2007. - 496 с. - ISBN 9965-884-06-4.

7. Байпаков К. М., Воякин Д. А. Казахстанский отрезок Великого Шёлкового пути в серийной номинации ЮНЕСКО. - Алматы : Б. и., 2011. - 152 с.

## **ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН МЕТАЛЛУРГИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ: ТАЛДЫСАЙ ҚОНЫСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МАҢЫЗЫ**

**Артурқызы Н.**

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Адильбаев А.М.  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті  
Электрондық адресі: nursayaarr@gmail.com  
Қарағанды қ.

Еуразия кеңістігіндегі қола дәуірі өндірістік мәдениетінің қалыптасуында Орталық Қазақстан ерекше тарихи-өркениеттік аймақ ретінде белгілі. Табиғи-ресурстық орта мен геологиялық құрылымдардың ерекшеліктеріне байланысты Сарыарқа өңірі ерте кезеңнен бастап түсті металлургияның маңызды орталықтарының біріне айналды. Археологиялық, геологиялық және топонимиялық деректер бұл аумақтағы ежелгі шаруашылық жүйелерінің негізін мыс, қалайы және алтын қорларын игеру мен оларды өндеуге негізделген тау-кен өндірісі құрағанын анық көрсетеді.

Жезқазған, Қонырат, Кенқазған, Саяк, Бозшакөл тәрізді ірі кентасты аудандарды көне кеншілердің игеруі аймақтық шаруашылық құрылымының өзіндік сипатын қалыптастырып, Сарыарқаның экономикалық дамуы мен мәдени эволюциясында шешуші рөл атқарды. Өңір топонимиясындағы «Жезді», «Жезқазған», «Алтынтөбе», «Темірші», «Нілді» сияқты атаулар өндірістік дәстүрдің ұзақ мерзімдік сабақтастығының маңызды куәгерлері болып табылады [1, 42 б.].

Осындай тарихи-географиялық және экономикалық контекст жағдайында Талдысай қонысы Орталық Қазақстан қола дәуіріндегі металлургия тарихын зерттеуде репрезентативті, эталондық археологиялық нысан ретінде қарастырылады.

Аймақтың көне тау-кен ісін ғылыми тұрғыдан зерделеу XX ғасырдың алғашқы жартысында жаңа қарқынмен дамыды. Бұл бағыттағы іргелі зерттеулердің басында тұрғын Қаныш Имантайұлы Сәтбаев бастаған қазақ геологтарының еңбегі айрықша атап өтіледі. Жезқазған кен ауданының табиғи-геологиялық құрылымын зерттеу барысында Қ.И. Сәтбаев пен Н.Валукинский сияқты мамандар аймақтың тек өндірістік ғана емес, тарихи-мәдени маңызын да негіздей отырып, кейінгі археологиялық зерттеулерге методологиялық база қалыптастырды [2, 33 б.].

Археологиялық ғылымда Ә.Х. Марғұлан Орталық Қазақстанның ежелгі металлургиялық мәдениетін кешенді түрде сипаттап, қола дәуіріне тән өндірістік-шаруашылық құрылымдардың ғылыми моделін жасады. Ғалымның еңбектері Жезқазған-Ұлытау аймағын Еуразиядағы ерте металлургияның жетекші орталықтарының бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді [3, 21 б.].

Кейінгі кезеңде С. Берденов көне металлургия тарихына арналған материалдарды жүйелеп, аймақтың металлургиялық дәстүрін ғылыми тұрғыдан жалпылады. Осы ғылыми негіздердің жалғасы ретінде Талдысай қонысын арнайы зерттеу жобалары іске қосылды.

Талдысай археологиялық ескерткіші ғылыми ортаға 1992 жылы археолог Ж.Е. Смаиловтың барлау жұмыстары нәтижесінде белгілі болды. Ұлытау-Жезқазған өңіріндегі табиғи-жер бедері мен су арналарының өзгеру үрдістерін талдау барысында қоныстың бар екендігі алғаш рет анықталған болатын.

1994 жылдан бастап бұл нысан Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының (жетекшісі-Ж.Құрманқұлов) тұрақты зерттеу объектісіне айналды. Экспедиция құрамында Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші мамандары - А.С. Ермолаева, Ж. Жетібаев, А.З. Бейсенов, А.М. Манапова, Д.А. Байтілеу, Ж.С. Қалиева, А.У. Бірмұханова, Ж.Утубаев, Е. Дубягина, Р. Мусаева және басқа зерттеушілер жұмыс жүргізді [4, 11 б.].

Зерттеу жұмыстарының пәнаралық сипаты Геолого-географиялық зерттеу орталығының (профессор Б.Ж. Аубекеров басшылығымен) геоархеология зертханасының қатысуымен кеңейе түсті.

Кемерово мемлекеттік университетінің археология кафедрасынан профессор, т.ғ.д. Л.Н. Ермоленконың қатысуы Талдысай материалдарының стратиграфиялық және хронологиялық талдауын тереңдетті.

Сондай-ақ Талдысай жобасына шетелдік ғылыми ұйымдардың қатысуы ескерткіштің халықаралық ғылыми маңызын арттырды. Болонья университетінің профессоры Маурицио Каттани жетекшілік еткен итальян археологтары, Челябині ғылыми орталығының мамандары И.А. Русанов және А. Никитин қоныстағы мыс балқыту пештерін реконструкциялау мен олардың технологиялық ерекшеліктерін анықтауда шешуші рөл атқарды [5, 47-55 б.].

Талдысай қонысының жақсы сақталуы табиғи-географиялық қолайлы жағдайлармен тікелей байланысты. Қоныс қазіргі өндірістік аймақтардан қашық орналасқандықтан, антропогендік жоюшы әсерлерден аман қалған сирек объектілердің бірі.

Жезқазған қаласынан шамамен 80 км қашықтықта орналасқан қоныс Жезді және Талдысай (Бала Жезді) өзендерінің аңғарында жатыр. Жер бетінде ешқандай белгі байқалмағанымен, 1990-жылдардағы таскын сулар өзен арнасын өзгертіп, жағалаудың шайылған бөлігінен керамикалық ыдыстар, тас қоршаулар және өндірістік қалдықтар ашыла бастады. Бұл табиғи құбылыстар Талдысайдың археологиялық тұрғыдан ерекше нысан екенін алғаш көрсеткен фактор болды [6, 76 б.].

Археологиялық материалдар Талдысайды қола дәуіріне тән күрделі өндірістік-шаруашылық орталық ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Қоныс тұрғындары тау-кен ісі мен металлургияны негізгі кәсіби сала етіп, сонымен қатар мал шаруашылығы мен тұрмыстық қолөнердің бірқатар түрлерін (көзешілік, сүйек пен тері өңдеу) қатар жүргізген.

Қоныстың басты ерекшелігі-мыс қорыту өндірісінің технологиялық жетілдірілуі. Археологиялық зерттеулер барысында: оннан астам ірі шахталық шұңқыр-пеш, бірнеше жер беті балшық пештері анықталды.

Шахталық пештердің тереңдігі шамамен 2 м-ге жетіп, оларда ауа беру арналары мен түтін шығару жүйелері арнайы инженерлік шешімдермен жасалған. Бұл пештердің құрылымы қола дәуіріндегі металлургияның жоғары деңгейін көрсетеді [7, 89 б.].

Талдысай металлургиялық кешенінің кейбір құрылымдық сипаттамалары ХХ ғасырдың 70-80-жылдары М. Қадырбаев пен Ж. Құрманқұлов зерттеген Атасу археологиялық кешенімен салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл кешенге Атасу, Ақмұстафа, Ақмая, Мыржық қоныстары кіреді [8, 76 б.].

Атасу материалдары б.з.д. ІІ мыңжылдықтың екінші жартысында арнайы металлургиялық қоныстар жүйесінің болғанын дәлелдейді. Дегенмен, Солтүстік Бетпақдала мен Ұлытау-Жезқазған аймағында табылған күрделі мыс балқыту пештері, соның ішінде Талдысай пештері, қазіргі ғылыми дереккөздерде нақты аналогы жоқ ерекше технологиялық феномен болып есептеледі.

Бұл тұрғыдан Талдысай материалдары Атасу кешенін толықтыра отырып, Орталық Қазақстан металлургиясының Еуразиядағы жетекші орындарының біріне айналғанын көрсетеді.

2005-2013 жылдар аралығында Талдысай қонысында табылған пештердің толық көлемді реконструкциясы жасалып, мыс қорыту процесінің толық циклі тәжірибе жүзінде жүргізілді.

Арнайы дайындалған алаңда: Талдысай пештерінің өлшемдеріне сәйкес шұңқыр қазылып, қабырғалар алдын ала кептіріліп, қыздырылды, пеш бірнеше рет тәжірибелік жағу жолымен сынақтан өткізілді.

Жезді мұражайының қызметкерлері кен тасын тасымалдап, сұрыптап, уатып, пешке қажетті ағаш отынды дайындады. Кен тасы Талдысайдан 70 км қашықтықтағы Жезқазған кеніштерінен жеткізілді.

Балқыту үдерісінде пеш аузы қақпақтаспен жабылып, балшықпен бекітілді. Құдық-мұржандан шыққан түтін мен күкіртті газ пештің толық қуатта жұмыс істей бастағанын көрсетті [4, 5 б.].

Эксперимент нәтижелері Талдысай пештерінің ауа тарту жүйесінің күрделілігі мен технологиялық тиімділігін айқын дәлелдеп, көне металлургияның жоғары инженерлік білім мен практикалық дағдыларға ие болғанын көрсетті.

Талдысай қонысы - Орталық Қазақстанның қола дәуіріндегі металлургиялық мәдениетінің құрылымын, технологиялық ерекшеліктерін және өндірістік жүйесін анықтауға мүмкіндік берген аса маңызды археологиялық кешен.

Географиялық оқшаулық оның табиғи сақталуын қамтамасыз етсе, көпсалалы ғылыми экспедициялар металлургиялық технологияның күрделі инфрақұрылымын қалпына келтіруге жол ашты.

Талдысайды аспан астындағы музей ретінде сақтау және ары қарай ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеу - Орталық Қазақстанның ежелгі тау-кен металлургиялық мұрасының әлемдік деңгейдегі маңызын айқындай түсетін стратегиялық міндет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Марғұлан Ә. Х., Ақышев А. К., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана. - Алма-Ата: Наука, 1966. - 400 с.
2. Валукинский Н. Е. К минералогии Жезказганского района. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1940. - 120 с.
3. Берденов С. История горного дела и металлургии древнего Казахстана. - Алматы, 1998. - 250 с.
4. Құрманқұлов Ж., Ермолаева А. С., Ержанова А. Е. Талдысай қонысы - көне металлургия ескерткіші. - Алматы: Ғылым, 2012. - 168 б.
5. Ermolenko L. N. Geoarchaeological Studies of Metallurgical Centers in Kazakhstan. - Kemerovo: Kemerovo University Press, 2008. - 156 p.
6. Исакаев А. Талдысай: көне металлургия мұрасы // Ұлытау және Ұлт. - 2013. - №1(10). - Алматы. - Б. 74-78.
7. Rusanov I. A., Nikitin A. Металлургические технологии древних обществ Евразии. - Челябинск: РАН, 2011. - 198 с.
8. Смаилов Ж. Городская культура Центрального Казахстана. - Караганда. 2009. - 72 с.

## **АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРЫ: ШЫҒУ ТЕГІ, ТАРИХИ-МӘДЕНИ НҒІЗІ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУ**

**Аубакирова Ж.Ж.**

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

aubakirova.zhaniya06@mail.ru

Астана қ.

Андатпа

Бұл мақала Ақмола облысы аумағындағы ономастикалық атаулардың шығу тегі, тарихи-мәдени негіздері және олардың өңір тарихындағы маңызын зерттеуге арналған. Ономастикалық атаулар - белгілі бір аймақтың табиғи, этнографиялық, тарихи ерекшеліктерін бейнелейтін атаулар жүйесі. Ақмола өңірі - қазақ халқының этногенезі мен мәдени қалыптасуында маңызды орын алған, көне тайпалар өмір сүрген аймақ болғандықтан, оның топонимдері терең тарихи ақпарат сақтайды. Мақалада Көкшетау, Бурабай, Есіл, Атбасар, Зеренді, Бұланды секілді негізгі жер-су атауларының этимологиясы қарастырылып, олардың қалыптасуына әсер еткен табиғи-географиялық жағдай, көне түркі кезеңі, қыпшақ дәуірі және кейінгі қазақ руларының ықпалы анықталады. Сонымен қатар Ақмола облысы топонимдерін зерттеген Ш.Уәлиханов, Т.Жанұзақов, Ә.Тәжімұратов, Е.Керімбаев еңбектеріне талдау жасалып, олардың ғылыми әдістері мен тұжырымдары мақаланың теориялық негізін құрайды. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс, этимологиялық талдау, географиялық карталарды салыстыру әдістері қолданылып, топонимдердің шығу тегіне кешенді талдау жасалды. Зерттеу нәтижесінде Ақмола өңіріндегі ономастикалық атаулардың көпшілігі табиғи нысандардың ерекшеліктеріне, мал шаруашылығы ұғымдарына, түркі мифологиясына және этникалық топтардың қоныс тарихына байланысты екені анықталды.

Кілт сөздер: Ақмола, ономастика, топоним, Ақмола облысы, Көкшетау, Бурабай, Есіл, этимология, тарихи география, зерттеу.

Аннотация

Данная статья посвящена исследованию происхождения, историко-культурных основ и значения ономастических названий на территории Акмолинской области. Ономастические наименования представляют собой систему названий, отражающую природные, этнографические и исторические особенности определённого региона. Акмолинский регион занимает важное место в этногенезе и культурном формировании казахского народа, являясь территорией, где издавна проживали древние племена. Поэтому местные топонимы хранят в себе глубокую историческую информацию. В статье рассматривается этимология основных географических названий региона, таких как Кокшетау, Бурабай, Есиль, Атбасар, Зеренда, Буланды. Определяются природно-географические факторы, древнетюркский слой, кипчакский период и влияние позднейших казахских родов на формирование этих топонимов. Кроме того, анализируются труды исследователей топонимии Акмолинской области Ш.Уалиханова, Т.Жанузакова, А.Тажимуратова, Е.Керимбаева, чьи научные подходы и выводы составляют теоретическую основу данной работы. В исследовании применялись историко-сравнительный метод, этимологический анализ, метод сопоставления географических карт, что позволило провести комплексное изучение происхождения топонимов. Исследование показало,